

Мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы № 189 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010 жылғы 20 қазандағы № 347 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 қарашада № 9-1-155 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 01.04.2016 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы № 189 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-28 тіркелген, 2005 жылдың 8 қарашасында "Қостанай" газетінде жарияланған) мына өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "Целинниктер алаңы (Спорт сарайы ауданында Таран көшесі)" деген сөздер "Герцен көшесі бойындағы Текстильщикова аллеясына іргелес аумақ" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

№ 4 сайлау округі

бойынша депутаты

Қостанай қалалық

мәслихатының хатшысы

А. Айдосов

Г. Уралова